

# Шылау



# Шылау



Шылау-сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын, өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әр қилы реңктер үстеп, оларға ортақтасып, тұлға жағынан тиянақталған, лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздер.

# Шылаудың белгілері



№	Ереже
1	Лексикалық мағынасы жоқ
2	Сөйлем мүшесі бола алмайды
3	Түрленбейді (жалғаулар жалғанбайды)
4	Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады және басқа сөздің жетегінде келіп, оған қосымша мән үстейді

# Мағынасы мен сөйлемдегі қызметіне қарай 3-кө бөлінеді:

Септеулік шылау	Жалғаулық шылау	Демеулік шылау
Объекті мен объектінің не предикаттың арасындағы түрлі грамматикалық қатынастарды білдіру үшін қолданылып, белгілі бір септік жалғауын, меңгеріп тұратын көмекші сөздер.	Дербес лексикалық мағыналары дерексізденген, бірақ өздеріне тән ерекше семантикалық мағыналары мен абстракт грамматикалық қызметтері бар шылау сөздер.	Өздері тіркесетін сөздерге әр қилы қосымша реңктер (мағыналар) жамайтын сөздер.

Септеулік шылау	Жалғаулық шылау	Демеулік шылау
<p>Септеуліктер өздері тіркесетін есімдерге, субстантивтенген өзге де атаушы сөздерге себептік, бағыттық, мақсаттық, көмектік, мезгілдік, қайталау, талғау, үдету, ұқсату сияқты әр қилы грамматикалық мағыналарды жамап, тыңғылықтандырып отырады. Мысалы: Біздің шахталардың жайын Алматыға дейін жазып жүрген кім? (Ә.Әбішев).</p>	<p>Жалғаулықтар ең кемі өзара тең екі сөзге не екі сөз тіркесіне бірдей қатысты болады. Мысалы: Қыс пенен жаз, күн менен түн, тақ пенен жұп жақсылық пен жамандық-болды. (Абай)</p>	<p>Сөзге немесе сөйлемге күшейту, тежеу, шектеу, сұрау болжалдық, күмән, нақтылау мәнін үстейді. Мысалы: Абай мен Мұхтар және Шәкәрім-қазақ әдебиетіндегі біртуар тұлғалар.</p>

# Септеулік шылау



	Ереже	Септеулік	Мысал
1	Атау септігіне қатысты септеуліктер	Туралы, жайлы, сияқты, тәрізді, секілді, үшін, сайын	Отан үшін отқа түс-күймейсің.
2	Барыс септігіне қатысты септеуліктер	Дейін, шейін, қарай, тарта, таман, жуық	Түске дейін жүзге жуық хат жібердік.
3	Шығыс септігіне қатысты септеуліктер	Кейін, соң, әрі, гөрі, бері	Бұдан әрі оның сөзін ести алмадым.
4	Көмектес септігіне қатысты	Бірге, қабат, қатар	Мен әкеммен бірге жұмыс істедім.



# Атау септік



- арқылы  
- через, по
- туралы жайында, жайлы,  
жөнінде - о, про,  
относительно, по поводу
- сияқты - подобный,  
наподобие, будто, кажется
- секілді - как, похожий,  
подобный
- бойы, бойымен, бойда - весь, в  
течение, протяжение,  
продолжение
- бойынша-по, согласно,  
сообразно
- сайын - каждый
- үшін - ради, для, за, из-за
- неғұрлы, неғұрлым- тем,  
чем
- Шамалы- приблизительно,  
около, немного

# Барыс септік



- дейін, шейін - до
- қарай- на, в сторону
- Тарта, таман, жуық-  
около,  
приблизительно



## №1 Раскройте скобки.

Zertteu (в ходе), su tasquny (во время), aina (как), ana (о),  
Тунуq mūhity (через), kezdesu (в ходе), dosym (словно), kelisimşart (по)  
telefon (через, по), 12 sekund (в течение), saiahat (во время), seriktes (в качестве),  
ğaryş (о) filmder, naizağai (во время), jarysqa daiyndalu (в ходе),  
bır tün (в течение), jüz (около) jıgıt, ereje (по), köpır (через),  
Balqaş köli (об), адам (как), sızdıñ pıkıtıñız (по), дәlel (в качестве).

## №2 Добавьте окончания исходного падежа.

Jaña jyldan bastap, mektep \_\_\_\_\_ keim, bes minut \_\_\_\_\_ soñ, söz \_\_\_\_\_ basqa,  
zañ \_\_\_\_\_ tys, keşegi \_\_\_\_\_ görı, därigerdiñ sözderi \_\_\_\_\_ soñ, qyrküiek \_\_\_\_\_ bastap,  
jyl basy \_\_\_\_\_ beri, demalys \_\_\_\_\_ keim, qala \_\_\_\_\_ basqa, qaraşa aiy \_\_\_\_\_ bürın,  
soğys \_\_\_\_\_ keim, segız jas \_\_\_\_\_ bastap, sol uaqyt \_\_\_\_\_ beri, mūğalım \_\_\_\_\_ görı,  
dauyl \_\_\_\_\_ soñ, bugün \_\_\_\_\_ bastap, tört kün \_\_\_\_\_ keim, özgeris \_\_\_\_\_ soñ.

**№3** Там, где нужно, добавьте окончания исходного падежа. Если окончаний нет, игнорируйте знаки подчёркивания.

Mysyqtar jaily, aqşa \_\_\_\_\_ üşin, jylqy \_\_\_\_\_ görı, tamaq \_\_\_\_\_ soñ, дәstür \_\_\_\_\_ turaly, apta \_\_\_\_\_ saiyn, balalar \_\_\_\_\_ üşin, oquşy \_\_\_\_\_ siaqty, biyl \_\_\_\_\_ bastap, oiyydar \_\_\_\_\_ arqyly, bauyr \_\_\_\_\_ tärızdı, Qazaqstan \_\_\_\_\_ jaily, dosym \_\_\_\_\_ basqa, ota \_\_\_\_\_ keim, otbasymyz \_\_\_\_\_ üşin, su tasqyny \_\_\_\_\_ turaly, ertegiler \_\_\_\_\_ arqyly, jüldyz \_\_\_\_\_ sekıldı, oqu \_\_\_\_\_ üşin, qañtar aiy \_\_\_\_\_ bastap, sol kez \_\_\_\_\_ berı.

**№4** Добавьте окончания дательного-направительного падежа.

Sabaqqa deim, tau \_\_\_\_\_ qarai, bır ai \_\_\_\_\_ juyq, qūjat \_\_\_\_\_ säikes, jötel \_\_\_\_\_ qarsy, köl \_\_\_\_\_ şeim, bes jas \_\_\_\_\_ deim, erejeler \_\_\_\_\_ säikes, avtobus \_\_\_\_\_ qarai, köktem \_\_\_\_\_ şeim, otyz \_\_\_\_\_ tarta, temekı \_\_\_\_\_ qarsy, mamyr \_\_\_\_\_ taman, on gradus \_\_\_\_\_ deim, bağdarlama \_\_\_\_\_ säikes, şilde \_\_\_\_\_ şeim, şyğys \_\_\_\_\_ qarai.

**№5** Там, где нужно, добавьте окончания дательного-направительного падежа. Если окончаний нет, игнорируйте знаки подчёркивания.

Tanysu üşin, qūstar \_\_\_\_\_ jaily, on myñ \_\_\_\_\_ juyq, sağat \_\_\_\_\_ saiyn, batys \_\_\_\_\_ qarai, ört \_\_\_\_\_ qarsy, jiyрма күн \_\_\_\_\_ şeim, el \_\_\_\_\_ üşin, jylqy \_\_\_\_\_ jaily, jaz \_\_\_\_\_ deim, мәtin \_\_\_\_\_ säikes, tūmau \_\_\_\_\_ qarsy, temekınıñ ziany \_\_\_\_\_ jöninde, suretter \_\_\_\_\_ arqyly, batyrlar \_\_\_\_\_ turaly, özen \_\_\_\_\_ siaqty, gül \_\_\_\_\_ sekıldı, jaña jyl \_\_\_\_\_ deim, sportşylar \_\_\_\_\_ üşin, balalar \_\_\_\_\_ siaqty, keş \_\_\_\_\_ deim, maqsatym \_\_\_\_\_ qarai.

**№6** Переведите на казахский язык.

После его работы, вместе с твоими друзьями, после дождя, через суд,  
после нашего собрания, по закону, после этого человека, до конца  
концерта,

к нашей библиотеке. После школы иди домой. После бани выпей чай.

К обеду пригласи гостей. Напиши книгу о людях.

Работай до трёх часов. После обеда кухню прибери.

В комнате, кроме моего отца, сидят два человека.

Атау

:

**Атау** : Отан үшін күрес — ерге тиген үлес;

Бақыт шыбын сияқты — бірде гүлге қонса, бірде көңге қонады;

Ұятсыз әйел тұзсыз ас секілді;

Олақтың сөзі — Орынсыз жамау тәрізді;

**Барыс**:-Ұлыңа бес жасқа дейін патшаңдай қара,

Он бес жасқа дейін қосшыңдай сана,

Он бестен асқан соң досыңа бала;

-Ер кезегі үшке дейін;

-Алтыға дейін бала ерке, Алпыстан кейін шал ерке;

-Білімді бесіктен тесікке дейін ізден;

-Жас қымыздың қызуы түске шейін, Желігі кешке шейін:

Барыс:

**Шығыс:**

**Көмектес:**

**Шығыс:** -Ақсақ қой түстен кейін маңырайды;  
-Төбелестен кейін жұдырық сермемейді;  
-Сөйлегенше – сөзіңе өзің қожа,  
Сөйлегеннен соң - өзіңе сөзің қожа;  
-Өш алғаннан гөрі-кешірген жөн;  
-Алтыға дейін бала ерке, Алпыстан кейін  
шал ерке;

**Көмектес:** -Құс – қанаттасымен қатар ұшады;  
-Білім ақылмен бірге жүрсе – жарайды,  
Бүкіл әлем бір-ақ қолға қарайды;  
-Ынтымақ жүрген жерде,  
Ырыспен бірге жүреді.

Послелогои представлены 4 группами:

### **1. Атау септік**

(именительный падеж)

кім? не? үшін, сайын, сияқты, тәрізді, секілді, сықылды, сынды, туралы, жайында, жайлы, жөнінде, арқылы, бойы, бойынша, шамалы, шақты, қаралы, ғұрлы, ғұрлым, құрлым, түгіл т.б.

Мысалы: Отан үшін отқа түскендер. Әкем туралы аңыз.

### **2. Барыс септік**

(дательный падеж)

кімге? неге? қайда? шейін, дейін, қарай, таман, салым, тарта, жуық, таяу, сәйкес, қарсы т.б.

Мысалы: онға дейін, үйге қарай, кешке таман, соған сәйкес

### **3. Шығыс септік**

(исходный падеж)

кімнен? неден? қайдан?

қалай? гөрі, соң, кейін, басқа, астам, артық, бетер, бөлек, өзге, бері, әрі, бұрын, аса, былай, бөтен, ілгері, тыс, шет, бастап

Мысалы: сабақтан соң, үйден бөлек, бестен кейін, менен басқа, баладан бетер, бұдан әрі т.б.

### **4. Көмектес септік**

(творительный падеж)

кіммен? немен? қалай? қатар, қабат, бірге, қоса



# Жалғаулық шылау жеке сөздер мен сөйлемдерді байланыстыру қабілеті жағынан екі топқа бөлінеді:

□ Салаластырғыш жалғаулықтар бірыңғай жеке сөздер мен сөз тіркестерін және бірыңғай сөйлемдерді байланыстырады да, солардың өзара байланысу жолдары мен қатынастарын көрсетеді. Ыңғайластық және талғаулықты болып екі салаға бөлінеді.

□ Сабақтастырғыш жалғаулықтар тек құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен жалғастырып, байланыстырып, солардың арақатынасын анықтап көрсету үшін жұмсалады. Қарсылықты, себептік, салдарлық, шартты, айқындағыш, ұштастырғыш болып бөлінеді.

# Салаластырғыш жалғаулықтар

## Ыңғайластық жалғаулықтар

Өзара ыңғайласып құрылатын, тең дәрежедегі сөздер мен сөз тіркестерін жалғастырады да, солардың ыңғайласқан қатынасын білдіреді. Мен, бен, пен, және, әрі, да, де, та, те шылаулары арқылы жасалады. Мысалы: Жерде қалың қар бар, күн ашық әрі шытқыл аяз. (Ж.Жұмақанов)

## Талғаулықты жалғаулықтар

Сөйлемде зат есім, сын есім, етістік және басқа атаушы сөздер арқылы жасалып, талғап, таңдап, я кезектестіріп, қарама-қарсы қойып айту үшін қолданылады. Не, немесе, я, не болмаса, яки, әлде, кейде, бірде, біресе, мейлі шылаулары арқылы жасалады. Мысалы: Мейлі жаз, мейлі күз, мейлі қыс. (М.Рәшев)

# Сабақтастырғыш жалғаулықтар

Қарсылықты жалғаулықтар	Себептік жалғаулықтар	Салдарлық жалғаулықтар	Шарттық жалғаулықтар	Айқындағыш жалғаулықтар	Ұштастырғыш жалғаулықтар
<p>Бірақ, алайда, әйтсе де, әйткенмен, сонда да, дегенмен, әйтпесе, әйткенде, әйтпегенде жалғаулықтары арқылы жасалады. Мысалы: Өзі де білуге тиіс, дегенмен сіз ескерте</p>	<p>Себебі, өйткені шылаулары арқылы жасалады. Мысалы: Жанар ертең ауылға барады, себебі оның қысқы демалысы басталды.</p>	<p>Сондықтан, сол себепті шылаулары арқылы жасалады. Мысалы: Айгүл көп оқиды, сондықтан ол сабақтарынан тек бестік бағамен оқиды.</p>	<p>Егер, егерде, алда-жалда шылаулары арқылы жасалады. Мысалы: Егер Айбол болмаса, Мүсәпір үй болудан қалған болар еді.</p>	<p>Яғни, демек шылаулары арқылы жасалады. Мысалы: Мен Магниткаға өткен күзде, яғни Талғатбектен бір жыл кейін келдім.</p>	<p>Ал, ендеше, ал ендеше, ола болса шылаулары арқылы жасалады. Мысалы: Ендеше бәріміз де әжемнің төрелігіне тоқтайық.</p>

## **Жалғаулық шылаулар - Соединительные союзы**

Союзы связывают слово со словом, предложение с предложением, не имеют лексического значения. По значению союзы делятся на 6 видов, они имеют 6 разделов:

1. Ыңғайлас жалғаулықтар (соединительные союзы): әрі, да, де, та, те, және, мен, бен, пен. Эти союзы служат для связи слов и членов предложения. Например: Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз.
2. Қарсылықты жалғаулықтар (противительный союзы): ал, алайда, әйтпегенде, әйтсе де, бірақ, дегенмен, онда да, әйткенмен, сонда да, сөйтсе де, сөйткенмен, әйткенде. Мысалы: Білімнің мол, бірақ тәжірибең жетіспейді.
3. Талғаулықты жалғаулықтар (разделительные союзы): я, не, немесе, болмаса, біресе, әлде. Мысалы: Не сыйлау, не ұят, не қаймығу, не қорқу жоқ жерде, тәртіп те болмайды.
4. Себептік жалғаулықтар (причинные союзы): өйткені себебі, неге десең. Мысалы: Жаны шығып кете жаздады, өйткені оның қолына түскен сау қайтқан емес.
5. Салдарлық жалғаулықтар (следственные союзы): сондықтан, сол себепті әдебиеттен көп біледі.
6. Шарттылық жалғаулықтар (условные союзы): егер, егер де, онда. Мысалы: Егер жұмысың өңсін десең, ретін тап.

## 1. Ыңғайластық жалғаулықтар (соединительные союзы)

-және-әрі-мен-пен-бен-менен-пенен- бенен-да-де-та-те-тағы- т.б.

/-и-/ Бірыңғай мүшелерді және салалас сөйлемдерді байланыстырады.  
(Связывают однородные члены предложения и однородные предложения)

Мысалы: Өз сүйгенім үшін мен отқа да, суға да ойланбай түсемін.

## 2. Талғаулықты жалғаулықтар (разъяснительно-разделительные союзы)

-не-немесе-я-яки-әлде-бірде-құй-не /я/ болмаса-біресе-мейлі-кейде-т.б. /-или

-то-то - ли- иногда и т.д./ Сөйлемдегі сөздерді бірыңғай мүше ретінде байланыстырады. (Соединяют в качестве однородных членов предложения слова, находящиеся в отношениях исключения, перечисления, чередования)

Мысалы: Бұл істі я мен бітіремін, я сен бітіресің.

### **3. Қарсылықты жалғаулықтар (противительные союзы)**

-бірақ-бірақ та-алайда-дегенмен- әйтпесе-әйткенмен-сонда-ал-сонда да-сөйтсе де-әйтсе де- өйтсе де -онда да - болмаса-әйтпегенде- т.б. /-но-все таки и т.д. / Қарсылықты қатынас мағынасы ретінде сөздерді, сөйлемдерді байланыстырады. (Соединяют слова, части предложения, отдельные предложения, выражая значение противопоставления, ограничения или результаты действия)

Мысалы: Ділдә сезді, бірақ ол түк өкінген жоқ. (М.Ә.)

### **4. Себеп-салдарлық жалғаулықтар (причинно-следственные союзы)**

-өйткені-себебі-сол себепті—сондықтан - - неге десең- сол үшін- т.б. /-потому что-по причине-так как/



## 5. Шарттық жалғаулықтар (условные союзы)

-егер-егер де- алда-жалда-әйтпесе- -онда-  
т.б.

/- если-/Негізгі сөйлемде белгіленген іс-әрекеттің орындалу шартын айқындап, сөйлемдерді байланыстырады.

(Присоединяют предложения, в которых раскрываются условия, при которых может осуществляться действие, обозначенное в основном предложении)

Мысалы:Егер ол келмесе, жоспар өзгереді.

## 6. Ұштастырғыш жалғаулықтар (смыкающие союзы)

-ал-ендеше-демек-яғни- /-значит-то есть-тогда-/

Жеке сөйлемдерді, абзацтарды байланыстыру үшін қолданылады.

(Используются для связи отдельных предложений, абзацев)

Мысалы: Демек, жазбайсың?!

Сөйлемдердегі көп нүктенің орнына жақша ішіндегі шылау сөздердің аудармасын жаз.

Ол бүгін аңшы туралы ... (или) табиғат туралы мәтін оқыды. 2.  
Күйтабақта Құрманғазы ... (и) Тәттімбеттің күйлері жазылған. 3.  
Оқығанымның бәрін түсінемін ...(но) айта алмаймын.4. Қазақ тілін  
бұрын оқыған жоқпын, ...(потому что) Ресейде тұрғанмын.5.  
Өткен сабақта болған жоқпын, ...(поэтому) тапсырманы орындай  
алмадым.6. ... (если) айтқаны дұрыс болса, ешқашан  
кателеспейміз.7. Сен қазақтың белгілі әншілерін білесің ... (ли)?

Сөйлемдерді аяқтап, жалғаулық шылауларды қызметіне назар аудар.

- 1.22 наурыз күні біз демаламыз, өйткені ... .
- 2.Наурыз көжеге жеті түрлі дәм қосады, себебі ... .
- 3.Табиғат адамға бәрін береді, бірақ біз ... .
- 4.Менің табиғат ғажайыптары туралы көп білім келеді, сондықтан  
... .
- 5.Біресе мәтін оқимын, біресе ... .
- 6.Қазақстанның солтүстік аймағы қыста суық болады, бірақ ... .

Жалғаулық шылау сөздер	Септеулік шылау сөздер	Демеулік шылау сөздер

**Берілген шылау сөздерді кестеге толтырып жаз.**

Алайда, дегенмен, біресе, бірде, кейде, не, немесе, себебі, өйткені, сондықтан, үшін, қабат, сайын, та, те, қой,ғой,ды, ді,ты, ті, ғана, қана, тек, түйіл, тұрмақ, мен,бен, пен, да, де,та, те, және, бірақ, туралы, жөнінде, жайлы, арқылы, дейін, шейін, бері, кейін, бірге, қатар , тәрізді, ма, ме, ба,бе, па,пе, ақ,ау,ай,да, де.

# Демеулік шылау

	Ереже	Септеулік	Мысал
1	Сұраулық мағына беретін демеуліктер	Ма, ме, ба, бе, па, пе, ше	Жаңбыр жауса ше? Әсетсің бе?
2	Күшейткіш мағына беретін демеуліктер	-ақ, -ау, -ай, әсіресе, да, де, та, те	Осы мен-ақ бізді шаршатып бітірдің.
3	Болжалдық мағына беретін демеуліктер	-ау, -мыс, -міс, кейде	Ертеде бір әулие кісі болыпты-мыс.
4	Болымсыздық мағына беретін демеуліктер	Түгіл, тұрсын, тұрмақ	Сен түгіл мен де бес алған емеспін.
5	Шектік мағына беретін демеуліктер	Ғана, қана, тек, -ақ	Сол ғана келді, Мен-ақ білем.
6	Нақтылау мағына беретін демеуліктер	Ғой, қой, -ды, -ді, -ты, -ті	Бұл оқиға бұрын болғанды.

**Демеулік шылау** - өзгермейді, түрленбейді, тіркескен сөздеріне қосымша мағына үстейді. Демеулік шылаулары мағыналарына байланысты 6-ға бөлінеді: сұраулық , күшейткіш, нақтылық, шектік, болымсыздық, болжалдық шылаулар.

(Частицы – не изменяются, придают словам или предложениям различные значения. В зависимости от значения частицы делятся на 6 видов: вопросительные, усилительные, уточняющие, ограничивающие, отрицающие, со значением приблизительности)

### **1. Сұраулық демеуліктер**

(вопросительные частицы)

-ма-ме-ба-бе-па-пе-ше-мы -мі Сұраулық сөйлемдерде қолданылады.

Сұраулық реңкін күшейтеді. (Используются в вопросительных предложениях. Им сопутствует вопросительная интонация) Мысалы: Сен бе? Марат ше?  
Бар ма?

## 2. Күшейткіш демеуліктер (усилительные частицы)

-ау-ақ-да-де-та-те-ай-әсіресе- Сөйлемдегі күшейткіш мәнді білдіреді. –ау-ақ-ай демеуліктер дефис арқылы жазылады. (Используются для усиления различных эмоциональных оттенков в предложении. Три частицы пишутся через дефис)

Мысалы: Ой, айналайын-ау! Құрғыр-ай, жағаласпа!

## 3. Нақтылық демеуліктер (уточняющие частицы)

-ғой-қой-ды-ді-ты-ті- Айтылған ойдың нақтылығын дәлелдеу үшін қолданылады. (Используются для подтверждения истинности того, о чем говорится)

Мысалы: Апасының баласы –жақсы бала екен ғой.



#### 4. Шектік демеуліктер (ограничивающие частицы)

-ғана-қана-ақ-тек- Бір іс-әрекет, сапа, қасиет тек бір сөзді ғана айқындайтынын білдіреді. (Указывают, что данное качество, свойство, действие присуще только определенному слову) Мысалы: Ол кеше ғана келді.

#### 5. Болымсыздық демеуліктер (отрицающие частицы)

-түгіл-тұрсын-тұрмақ- Нақты болымсыздық реңкін білдіреді.  
(Выражает подчеркнутое отрицание)

Мысалы: Сен түгіл мен де келдім.

#### 6. Болжалдық демеуліктер (частицы значения приблизительности)

-мыс-міс-ау-екеш-ды-ді-ті-ті- Болжалды демеуліктер дефис арқылы жазылады. Болжау, күдік мағыналарды білдіреді. (Пишутся через дефис. Передают значение приблизительности, сомнения и т.д.) Мысалы: Ертең ол кетпек-міс.

